

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ –
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

25 мамыр 2016 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

25мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IX Astana Economic Forum

PART I

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-І 551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент
Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)

ББК 65.9(5Қаз)-551я431

Келесі қысқа мерзімді шаралар туристік әлеуетін дамытуға елеулі әсер етуі мүмкін:

- бұл сала үшін жауапты барлық мемлекеттік және жергілікті органдарның іс-әрекеттерінің біріктірілуі;

- мемлекет экономикасындағы туризм маңыздылығын растайтын тиімді статистикалық құралдарды ойлап табу;

- мемлекет территориясындағы қосымша қаржыландыруды қажет ететін әлеуметтік маңызды туризм объектілерін қолдау;

- барынша көлік құралдарын жаңарту;

- ірі қалаларда әуежайлар мен теміржолдарды «Аэроэкспресс» жолымен қосу.

Туризмдегі көлік инфрақұрылым қызметтерінің дамуы нысаналы-жүйелі әдісті қолдану арқылы басқарудың ғылыми негізін әзірлеуге болады.

Қазір елімізде «Қазақстан Республикасы көлік жүйесінің инфрақұрылымын дамытудың және ықпалдастырудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 қарашадағы № 1263 қаулысы қабылданды [6]. Бағдарламаның мақсаты Қазақстанның заманауи көлік инфрақұрылымын қалыптастыру, сондай-ақ оның әлемдік көлік жүйесіне ықпалдасуын қамтамасыз ету және транзиттік әлеуетті іске асыру болса, ол келесідей міндеттерді ұстанады: 1) Қазақстан аумағында ел ішінде жоғары және тиімді көлік байланысын, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүк ағындарын ұлғайтуды және жерүсті, теңіз және әуе көлігінің барлық түрлерінің жұмыстарын үйлестіруді қамтамасыз ететін заманауи көлік-логистика жүйесін құру; 2) Ауыл мен шағын қалаларды сапалы көлік қатынасымен кешенді қамтамасыз ету; 3) Өңірлерде жергілікті көлік инфрақұрылымын дамыту; 4) Қазақстанның көлік инфрақұрылымының әлемдік көлік жүйесіне ықпалдасуын қамтамасыз ету; 5) Ел өңірлерінде «инфрақұрылымдық орталықтар» құру. Осы негізгі құжат арқылы елімізде көлік инфрақұрылымын дамыту қолға алынуда.

Әдебиеттер:

1. ДТҰ-ның жыл сайынғы есебі, ресми сайтынан <http://www.e-unwto.org/doi/pdf>
2. Кусков А.С., Понукалина О.В. Менеджмент транспортных услуг: туризм. – М.: РКонсульт, 2004.
3. Ключников А.В. Менеджмент туризма: учебник. - М.: Советский спорт, 2009 -228 с.
4. Гуляев В.Г. Туризм: экономика и социальное развитие. - М.: Финансы и статистика, 2003. - 304с.
5. Морозов М.А. Инфраструктура обеспечения предпринимательской деятельности в туризме: Теория и методология формирования и развития: автореф. дисс...д.э.н. - М., 2006 .
6. «Қазақстан Республикасы көлік жүйесінің инфрақұрылымын дамытудың және ықпалдастырудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 қарашадағы № 1263 қаулысы

ӘЛЕУМЕТТІК ТУРИЗМ САЛАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН ЖОСПАРЛАУ

Бисеков А.Т., Аяганова С.А.

Л.Н. Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университеті

Астана қ., Қазақстан Республикасы

e-mail:saltanat2@list.ru

Әлеуметтік туризм дамуының стратегиялық жоспарлауынан басқа орта мерзімдегі әлеуметтік туризмнің бейнесін анықтау қажет, ал ол үшін Ресей мен Бразилия елдерінің

тәжірибелерін саралау қажет. Бұл елдерде әлеуметтік туризм жүйесі салыстырмалы түрде жақсы дамыған және де осы елдердің экономикасының даму деңгейі Қазақстандағы деңгеймен шамалас болып келеді. Бұл ақпарат алдағы уақытта Қазақстандағы әлеуметтік туризмнің даму кезеңін анықтау және саланың даму перспективаларын түсіну үшін қажет болады.

Әлеуметтік туризмнің қалыптасу кезеңі 19 ғасырдан бастау алады. Әлеуметтік туризмді қалыптастырудың алғышарттары комерциялық туризм индустриясын қалыптастыру алғышарттарымен бірдей болды. Еуропадағы индустрияландыру нашар экологиялы көптеген ірі индустриялды қалалардың пайда болуына алып келді және, сәйкесінше, адамдарда табиғат аясында демалып, денсаулығын жақсартуға деген қажеттілік пайда болды. Сонымен қатар дамыған теміржол желілерінің де пайда болуы саяхаттаудың құнын біршама төмендетті және олардың жылдамдығын да біршама арттырды.

Әлеуметтік туризмді ұйымдастыру бойынша жеке бастамалар ресми билік үшін аса маңызды болмады. Туризм дамуындағы маңызды сәт 1936 жыл Женевада қаласында Халықаралық еңбек ұйымының «Ақылы демалыс туралы» конвенция қабылдауы болды. Осы конвенцияның 2.1 бабында былай деп айтылады: «Осы Конвенция қолданылатын кез келген тұлға бір жыл үздіксіз жұмыс жасауынан кейін жыл сайынғы кем дегенде алты жұмыс күнімен тең ақылы демалыс алуға құқысы бар». Бұл конвенция әлеуметтік туризм қалыптасуының ресми нүктесі болды [1].

Әлеуметтік туризм дәстүрлі тұтынушыларды естен шығармай басқа да кең аудиторияға бағыттала отырып осы мақсатты топтардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында бейімделуге мәжбүр болды. Әлеуметтік туризм бағдарламаларының мақсатты топтары ЕО барлық елдерінде шамамен біртекті. Ұсыныстар құрылымы және ұйымдастырылуы бойынша да өзгереді. Әлеуметтік туризмнің негізгі және саяси (идеологиялық) концепцияларына негізделе отырып әрбір ел тарихи қалыптасқан өзінің спецификалық жүйесін жасады және ұсыныстың түрлі аспектілеріне (демалыс орталықтары, орналастыру, мәдени орталықтар мен транспорттық/туристік қызметтер) өзіндік акцент орнатты. Сәйкесінше, Еуропада әлеуметтік туризмге қатысушылар да әр түрлі. Бұған қарамастан, ортақ сипаттамалар мен қызмет етудің схемасын анықтауға болады. Ұқсастық процесс қатысушылары мен басқару жүйесінің белгілі бір элементтерінде бар. Тағы бір тренд – туризм экономикасында бәсекеге қабілетті және тұрақты болып қалу мақсатындағы әлеуметтік туризм мен коммерциялық секторлардың өзара тығыз серіктес болуы [2].

Әлемдегі басқару құрылымы мен әлеуметтік туризмді ұйымдастырудың анализі - әлеуметтік туризм жүйесіне жасалған анализ ұқсастықтар мен айырмашылықтарды бөліп көрсетеді және ұсынысы пен сұраныс факторлары арасындағы байланысты ұйымдастыру тәсілдеріндегі ұқсастықтарға анықтама береді. Алдымен әлеуметтік туризмге деген сұраныс сипатталады, кейін түрлі жүйелердің анализі жүргізіледі. Келесі саты – әлеуметтік туризмді жеткізушілер мен қабылдаушылар арасындағы делдал ұйымдардың рөлі анықталады. Сонымен қатар туризмнің әлеуметтік және коммерциялық секторлары арасындағы байланыс талданады және осындай серіктестіктің тиімді жақтарына анализ жүргізіледі. Әлеуметтік туризмдегі әр түрлі анықтамалар мен тарихи қалыптасқан айырмашылыққа қарамастан барлық тәсілдер үшін бірдей құралдар тобы бар. Жүйелердің қатты ұқсастығын мақсатты топтар мен турларды ұсынудан да байқауға болады.

Мемлекет деңгейінде әлеуметтік туризмді дамыту алғышарттарын түсіну үшін әлеуметтік туризмді дамыған және дамымаған елдер арасында талдау жүргізу қажет. Мұндай анализ 1 кестеде көрсетілген.

Бельгия, Франция, Ұлыбритания, Дания, Австрия, АҚШ сияқты елдер дамыған постиндустриялды елдер болып табылады, алайда бұл елдердің барлығында әлеуметтік туризм дамымаған, ал Ресей, Бразилия, Түркия сияқты дамушы елдерде әлеуметтік туризм өте белсенді енуде.


World Bank 2015 жылғы және World tourism council мәліметтері бойынша әлеуметтік туризмі бар мемлекеттер арасындағы салыстырмалы талдау [3].

Елдер	Халықтық әр біріне ЖІӨ, мың доллар	ЖІӨ туризмнің қосқан үлесі	Әлеуметтік жағынан мемлекеттің дамуы	Әлеуметтік туризмнің даму деңгейі
Бельгия	43,4	2,3	Бар	Дамыған
Франция	39,8	3,9	Бар	Дамыған
Ұлыбритания	39,3	3,2	Жоқ	Даму үстінде
Дания	58,9	2,4	Бар	Дамыған
Бразилия	11,3	3,5	Жоқ	Даму үстінде
Ресей	14,0	1,4	Бар	Даму үстінде
АҚШ	51,7	2,7	Жоқ	Дамымаған
Туркия	10,6	4,6	Бар	Даму үстінде
Қазақстан	12,1	1,6	Бар	Дамымаған
Австралия	67,4	2,6	Жоқ	Дамымаған

1 кестедегі мәліметтер бойынша, әлеуметтік туризмнің дамуы көп жағдайда макроэкономикалық көрсеткіштерге қарағанда мемлекеттің әлеуметтік саясатына көбірек тәуелді деген қорытынды жасауға болады. Әсіресе бұл Бразилия мен Австрия елдерін салыстырғанда байқалады, яғни Бразилия дамушы ел бола отырып, әлеуметтік туризмнің көптеген бағдарламаларын іске асыруда, ал Австрияда мұндай жағдай мүлдем жоқ.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Қазақстанда әлеуметтік туризмді дамыту туралы шешім қабылдау қажет екендігі және еліміз постиндустриалды мемлекетке айналғанын күтудің еш қажеті жоқ деген қорытындыға келеміз.

Болып жатқан оқиғаны жалпы түсіну үшін басты макроэкономикалық көрсеткіш – жан басына шаққандағы ЖІӨ көлеміне назар аударған дұрыс. Бұл жалпы ел экономикасымен байланысты әсерді ішкі себептерден болған индустрия көрсеткіштерінің ауытқуларынан ажырата білу үшін қажет. Қазақстан Республикасындағы ЖІӨ-нің жан басына шаққандағы динамикасының графигі 1 суретте ұсынылған.



Сурет 1 – Жан басына шаққандағы Қазақстан Республикасының ЖІӨ [4]

1 суретте берілген графиктен көріп тұрғанымыздай ЖІӨ үлесінің өсуіне қарамастан индустрияның қатысты үлесі құлауда және жағымсыз болжамға ие, сондықтан әлеуметтік туризм индустрияны дамытудың жақсы ынталандыру жолы бола алады. Индустрияның дамуы графиктерінен мынадай жалпы қорытынды жасауға болады – қалыпты жағымды динамиканың жоқтығы салдарынан индустрияның дамуы тұрақсыз. Нақты осы мәселені шешумен әлеуметтік туризм айналысуы тиіс.

2015 жылы жанама және индукцияланған әсерді есептегендегі туризмнің экономикадағы жалпы үлесі 5,3% құрайды. Қазақстан әлем бойынша туризм индустриясының ЖІӨ-дегі үлесі бойынша 156 орында, ал бұл Қазақстанның әлемдегі алғашқы бәсекеге қабілетті 30 елдің құрамына кіру туралы жоспары аясында өте нашар болып табылады [5].

Қазақстанда әлеуметтік туризмді дамытуға қажетті іс-шаралар бірнеше топтарға бөлінетін болады:

- Ұйымдастырушылық іс-шаралар;
- Айырбас қатысушыларымен жұмысқа байланысты іс-шаралар;
- Әлеуметтік туризмді жүзеге асыру бойынша нақты қадамдар.

Осы іс-шараларды өңдеу саланың жұмыс жасауы мен қатысушылардың әрекеттестік нормалары мен ережелерін орнатуға қажет - *нормативтік базаны әзірлеу*. Бұл әлеуметтік туризмді дамытудың негізгі аспектісі. Нормативтік базасыз әлеуметтік туризмді дамыту мүмкін емес. Осы заң жобасын әзірлеу шеңберінде *оны жүзеге асыру бойынша келесі қадамдарды* анықтау қажет:

- Бизнес, әлеуметтік бағдардағы коммерциялық емес қоғамдық ұйымдардың өкідерін және осы саладағы ғалымдардың қатысуымен жұмыс тобын құру.

- Кеңес беру мен әлемдік тәжірибені талдау үшін әлеуметтік туризм саласындағы жетекші шетелдік қайраткерлерді шақыру.

- Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі және туризм департаментімен кеңесулер өткізу.

- Барлық ескертулерді ескере отырып, заң жобасын дайындау.

- Заң жобасын ҚР Парламентінің қарауына беру.

Аталғандардан бөлек, құжат *келесілерді қамтуы тиіс*:

- Әлеуметтік туризм анықтамасын кеңейту.

- Әлеуметтік туризм таратылатын мақсатты топтар тізімін кеңейту.

- Әлеуметтік туризмге қолдау көрсету бойынша бюджеті көрсетілген мемлекеттік бағдарламалар.

Әлеуметтік туризмнің ақпараттық порталын құру.

Аталмыш сайт барынша қарапайым және тұрғындар үшін түсінікті болуы тиіс. Ашықтық бойынша талаптарды анықтау әлеуметтік ұйымдардың сайттарына да қойылуы тиіс. Сайтты құру үшін *келесі қадамдарды* орындау қажет:

- Сайтты әлеуметтік туризм туралы заң жобасы деңгейінде қарастыру және онда мыналарды қамтитын негізгі талаптарды көрсету: минималды талап етілетін ақпарат жинағы; тұрғындарға көрсетілетін қызметтердің минималды тізімі; интегратор сайттың бейнесін түбегейлі өңдеуі қажет; сайтты әзірлеу және оны ғаламторға орналастыру;

- Сайтты қолдау мен контентті жаңартуды жүзеге асыру. Бұл сайт келесідеу *ақпараттар мен қызметтерді* қамтуы тиіс:

- әлеуметтік туризмнің барлық бағдарламалары туралы ақпараттар;

- бизнестерден әлеуметтік жолдамалар бойынша барлық қолжетімді ұсыныстар, осы ұсыныстарды әлеуметтік құрылымдар арқылы алу мүмкіндігі;

- әлеуметтік туризмді жүзеге асырудың барлық нормалары мен ережелері түсінікті тілде берілетін бөлімдер;

- әлеуметтік туристік айырбас қатысушыларына ынтымақтастық ұсыну;

- әлеуметтік туризм тақырыбы бойынша жарияланымдар мен зерттеу материалдарын орналастыру;

- байланыс туралы ақпараттарды ұсыну;

- әлеуметтік қызметтер және координатор сайттарында нақты уақыт тәртібіндегі қызметтерді алуға кезек туралы ақпарат қолжетімді болуы тиіс. Аталғандардан бөлек бұл әлеуметтік туризм қызметтерін әр түрлі көздерден алу түріндегі бұзушылықтарды қадағалауға мүмкіндік береді.

Толыққанды және ақпараттық сайтты құру әлеуметтік туризмді дамыту үшін міндетті

болып табылады. Қазіргі жағдайда ақпаратты алу, әсіресе жергілікті әлеуметтік органдарға бару қиындық туғызатын қарт адамдар мен мүгедектер үшін өте күрделі болып отыр.

Осы жұмыс бойынша жасалған барлық қорытындылар ҚР-да әлеуметтік туризмнің маңыздылығын дәлелдейді және оның даму механизмнің ашады. Әлеуметтік туризмнің бастамаларын орталықтандыруға және біріктіруге мүмкіндік береді, сонымен қатар әлеуметтік туризмді жеткізуші мен алушы арасында байланыстырушы буын болады. Әлеуметтік туризм бойынша жалпы және құрылымдық ақпараттарды қамтитын бірінғай ақпараттық порталды құру тұрғындарды қолжетімді бастамалар, қызметтерді алу ережелері туралы жылдам ақпараттандыруға және әлеуметтік туризмді танымал етуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. International Labour Organisation, Holidays with Pay Convention.- Geneva, 1936.
2. Social Tourism in Europe: Theory and Practice/edited by Scott McCabe, Lynn Minnaert and Anya Diekmann .- Great Britain: Short Run Press Ltd 2012. – P.215.
3. World Travel And Tourism Council, Travel & Tourism Economic Impact 2016 Kazakhstan, Oxford 2016 // <http://www.wttc.org/>.
4. Қазақстан Республикасының статистика туралы Агентігінің ресми сайты [Электронды көр]. – Кіру тәртібі: www.stat.gov.kz;
5. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2015 жыл 30 қараша.

ТУРИЗМ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ САЛАСЫ РЕТІНДЕ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Орынбасаров С.Ә., Қожахметов З.К.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: ziko10_58@mail.ru

Қазіргі заманғы туризм адамның демалу мен бос уақытқа байланысты негізгі құқығын тану, еңбек етушілерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының берілуімен пайда болды. Ол жеке тұлға факторының дамуы мен адамдар мен халықтар арасында өзара түсінушіліктің пайда болуы факторына айналды.

Халықаралық сарапшылардың пікірінше қазіргі кезде туризм әлемдік экономикадағы қарқыны төмендемейтін саланы біріне жатады. Туризм көп елдерде жалпы ішкі өнімнің қалыптасуына, қосымша жұмыс орнын құруға және сыртқы сауда балансының белсенділігіне ықпал етеді [1]. Соңғы жылдары туризм әлемдегі ең табысты бизнестің бірі (кесте 1).

Кесте 1

Әлем өңірлері бойынша кіріс туризмінің көлемінің таратылуы
(халықаралық туристік келулер, млн. адам)

Әлем өңірлері	Келу					Болжам	
	1995	2000	2005	2010	2015	2017	2020
Африка	20,2	27,4	34,1	47,0	58,9	66,5	77,3
Солтүстік және Оңтүстік Америка	108,9	130,2	163,4	90,4	221,6	235,7	82,3
Шығыс Азия (Тынық мұхит аймағы)	81,4	92,9	152,4	195,2	285,2	289,6	397,2
Еуропа	338,4	393,4	436,2	527,3	674,3	685,3	717,0
Қиыр Шығыс	12,4	18,3	24,7	35,9	55,1	60,1	68,5
Оңтүстік Азия	4,2	5,5	7,5	10,6	14,6	16,3	18,8